ИМПОРТЕР В КАЗАХСТАНЕ

ТОО «Technoman» РК,
г. Алматы, ул. Бурундайская, 93 а.
Тел.: +7 727 223 03 65
Веб-сайт: www.mideakz.com

Внешний вид изделия, цвет и технические данные могут быть изменены производителем без предварительного уведомления потребителя.


ПОЧУВСТВУЙ СЕБЯ ДОМА




**КІРІКТІРІЛГЕН
ЫДЫС ЖУУ
МАШИНАСЫ**

ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН
НҮСҚАУЛЫҚТЫ МҰҚИЯТ
ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

НҮСҚАУЛЫҚТЫ
САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

**МОДЕЛЬ
MDWB-6015BA**

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ



МАЗМҰНЫ

Қауіпсіздік шаралары	3
Құрылғыны қолдану ережелері	3
Кәдеге жарату	4
Құрылғыға шолу	5
Басқару тақтасы	5
Жиынтық құрамы	6
Пайдалануды бастау	7
Суды жұмсартуға арналған тұз	7
Суды жұмсарту ыдысына тұз салу	7
Ыдыс шайғышты арнайы бөлімге құю	8
Ыдыс жуғыш зат	9
Құрылғыға ыдыстарды орналастыру	11
Ыдыстарды орналастырудан бұрын және кейін	11
Құрылғыға ыдыстарды жүктеу ережелері	12
Жуу бағдарламасын іске қосу	14
Жуу бағдарламасының кестесі	14
Жуу бағдарламасын бастау	15
Жуу бағдарламасын ауыстыру	15
Жуу бағдарламасын аяқтау	16
Техникалық қызмет көрсету және құрылғының күтімі 17	
Сүзгілер жүйесі	17
Ыдыс жуу машинасының күтімі	18
Құрылғыны орнату	20
Орнатуға дайындау	20
Сыртқы панелдің өлшемдері	20
Есік серіппесінің серпімділігін реттеу	21
Кәріз жүйесіне жалғау	21
Суқұбырына жалғау	22
Электр желісіне қосу	23
Ыдыс жуу машинасын іске қосу	23
Ақауларды жою	25
Техникалық қолдау қызметіне хабарласпас бұрын	25
Техникалық сипаттама	27
Қателесу коды	27

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

Біздің ыдыс жуу машинасын сатып алғаныңызға алғыс білдіреміз.

Құрылғыны қолданудан жақсы нәтиже алу үшін осы нұсқаулықтағы қарапайым пайдалану ережелерін мұқият оқып шығыңыз.

Ыдыс жуу машинасының орамасын қолданыстағы экологиялық ережелерге сәйкес кәдеге жарату керек. Құрылғының кез келген бөлігін тастау үшін жергілікті бейінді коммуналдық компанияға хабарласыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ыдыс жуғыш машинаны пайдалану кезінде төмендегі қауіпсіздік шараларын орындаңыз!

ЫДЫС жуу машинасының есігіне, себетіне отыруға немесе шығуға тыйым салынады.

ҚҰРАЛ жұмыс істеп тұрған сәтте немесе өшіргеннен кейін бірден қыздыру элементін ұстауға болмайды (бұл нұсқау қыздыру элементі ашық орналасқан құралдарға қатысты).

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ барлық бөліктері дұрыс орнатылғанға дейін, ыдыс жуу машинасын қосуға тыйым салынады. Жұмыс істеп тұрған машинаның есігін ашқанда мұқият болу керек. Су төгілмес үшін есікті абайлап ашыңыз.

АУЫР заттарды ашық тұрған есіктің үстіне қоюға болмайды, себебі құрылғы алға қарай құлауы мүмкін.

ЫДЫСТАРДЫ орналастыру кезінде өткір заттарды есіктің тығыздығына зақым келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз.

НАЗАР аударыңыз! Пышақтар мен өткір ұшы бар басқа заттарды себетке үшкір жағымен төмен немесе ас-үй құралдарына арналған бөлімге көлденең күйде салу керек.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ қолданған кезде, қыздыру элементтеріне пластик заттардың жанаспауын қадағалаңыз (бұл сыртқы көрінетін қыздыру элементі бар құрылғыларға ғана қатысты).

ЖУУ бағдарламасы аяқталғаннан кейін, жуғыш зат сауыты бос екенін тексеріңіз.

ПЛАСТИК заттарды ыдыс жуғышта жууға болады деп белгіленген белгі болмаса, жууға болмайды.

ТЕК автоматты ыдыс жуу машинасына арналған жуғыш және шайғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.

САБЫН немесе қолмен жууға арналған басқа заттарды қолданбаңыз.

ЖУҒЫШ зат пен шайғыш заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ҚҰРАЛДЫ физикалық, тірек-қимыл және психикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар және аталмыш құралды пайдалануға жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ тұлғалар мен балалардың оны пайдалануына арнайы үйренген жағдайда немесе олардың қауіпсіздігіне жауапты адам бар болғанда ғана жол беріледі.

БАЛАЛАРДЫҢ құралмен ойнауына жол бермеңіз.

ЫДЫС жууға арналған машиналардың жуғыш құралдары күйдіргіш зат болып табылады, сол себепті адамның ас қорыту жүйесіне түскен кезде ол денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.

ЖУҒЫШ құралдың көзге және теріге, кез келген жанасуына жол бермеңіз.

ЕСІГІ ашық тұрған құралға балаларды жақындатуға болмайды.

МАШИНАНЫҢ есігін ашып қоймаңыз, себебі алға қарай аударылып кетуі мүмкін.

ЕГЕР қуат сымы зақымдалған болса, қауіпті жағдай туғызбас үшін оны тек қызмет көрсету бөлімі немесе білікті маман ауыстыруы керек.

ЕСКІ құралды кәдеге жарату алдында есігін шешіп алу керек.

ӨТІНЕМІЗ, орауыш заттарды қайта өңдеуге жіберіңіз.

ЫДЫС жуу машинасын тек тікелей тағайындалуы бойынша пайдалану керек.


ОРНАТУ кезінде қуат сымының қатты созылмауын және бүгілмеуін қадағалаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ су құбырына жалғағанда тек жаңа құбыршектер жинағын қолданыңыз, бұрын қолданылған құбыршектерді пайдалануға болмайды.

МАШИНАҒА орналастыруға болатын ыдыстар жинағының жалпы саны — 12 комплект.

СУ құбырындағы максималды шекті су қысымы 0,04 МПа – 1 МПа аралығында.

ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ



Бұл құрылғы жерге тұйықталуы керек. Жерге тұйықтау ақаулық орын алған немесе істен шыққан жағдайда электр тоғымен жарақаттану қаупін төмендетеді. Аталмыш құрал жерге тұйықтау сымымен және жерге тұйықтау айырымен жабдықталған, олар қолданыстағы стандарттар мен талаптарға сәйкес жерге тұйықталған.

ЕСКЕРТУ

Жерге қосу сымының дұрыс қосылмауы электр тоғының соғуына әкелуі мүмкін. Егер құрылғының дұрыс жерге қосылғанына күмәндансаңыз, білікті электрші немесе тиісті қызметке хабарласыңыз. Розеткаға сәйкес келмейтін штепсельді қолданбаңыз. Бұл жағдайда білікті электрші тиісті розетканы орнатуы керек.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Орам материалдар балалар үшін қауіпті! Қораптар мен орауыш үлдірден тұншығу қаупі бар.
- Құрылғыны тұрғылықты жеріңіздегі ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.
- Машинаның қорабы қайта өңделген материалдардан жасалған және оларды қағаз қалдықтары ретінде қайта өңдеуге болады.
- Қаптаманы дұрыс кәдеге жарату арқылы, сіз қоршаған ортаны сақтауға өз үлесіңізді қосасыз.
- Сіздің аймағыңыздағы электр және электрондық жабдықтарды жинау және кәдеге жарату туралы қосымша ақпарат алу үшін сәйкес жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.


Ыдыс жуу машинасының барлық орамасы, қайта өңдеуге болатын заттардан жасалған. Барлық пластикалық бөлшектер бүкіл әлемде қолданылатын стандартты белгілерге ие.





- PE – полиэтилен (беттік орама материал)
- PS – пенопласт (толтырғыш)
- POM – полиформальдегид (пластик қысқыштар)
- PP – полипропилен (тұз толтырғышы)
- ABS – акрилонитрил бутадиен стерин (басқару тақтасы)

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ: құрылғы тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратуға жатпайды. Бұйымды кәдеге жарату үшін электрлік құрылғыларды сәйкес қабылдау орнына тапсыру керек.



ҚҰРЫЛҒЫҒА ШОЛУ

БАСҚАРУ ТАҚТАСЫ




- 1** «Қосу/Өшіру» түймесі: ыдыс жуғышты қосу және өшіруге арналған.
- 2** Жартылай жүктеу атқарымын таңдау түймесі: бұл функция ыдыс-аяқтың 6 немесе одан аз жиынтығын салған кезде пайдаланылады, қуатты және суды үнемдеу үшін осы қызметті таңдауға болады (оны тек қарқынды, ECO және 90 мин. тәртіптермен бірге пайдалануға болады).
- 3** Кешіктіріп бастау түймесі: жууды кешіктіріп бастау уақытын орнату үшін осы түймені басыңыз.
- 4** Бағдарлама: қажетті жуу бағдарламасын таңдаңыз. Қажетті анықтағыш жанады.
- 5** Бағдарлама анықтағышы
 -  **Интенсивті:** өте ластанған ыдыс және әдеттегі лас кәстрөл, табалар және т. б. кеуіп қалған тамақтары бар ыдыстар.
 -  **Стандартты жуу:** орташа ластанған ыдыс, мысалы, кәстрөл, шынылар, аздап ластанған табалар үшін. (Стандартты күнделікті бағдарлама).
 - ECO** **ECO:** бұл стандартты бағдарлама, ол қалыпты ластану деңгейі бар ыдысты жуу үшін сәйкес келеді және ыдысың осы типі үшін суды және қуатты жинақ тұтыну тұрғысынан барынша тиімді бағдарлама болып табылады
 -  **90 мин.:** жылдам жууды талап ететін, қалыпты ластанған заттар үшін арналған.
 -  **Тез жуу:** кептіруді талап етпейтін, әлсіз ластанған заттарға арналған барынша қысқа жуу.
- 6** Шайғыш зат анықтағышы: анықтағыш жанса шайғыш зат салу керектігін білдіреді.
- 7** Тұз анықтағышы: анықтағыш жанса тұз салу керектігін білдіреді.
- 8** Кідіріс уақыты анықтағышы: жуу бағдарламасын кешіктіру уақытын көрсетеді (3/6/9 сағат).

ЖИЫНТЫҚ ҚҰРАМЫ




Ас-үй аспаптарына арналған кәрзеңке



Шыны-аяқтарға арналған сөре

Үстіңгі бүріккіш

Үстіңгі себет



Астыңғы себет

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Өндіруші өнімдерді үнемі жетілдіру және жаңарту бағытында, алдын-ала ескертусіз өзгертулер енгізуі мүмкін.

ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАУ

СУДЫ ЖҰМСАРТУҒА АРНАЛҒАН ТҰЗ

Ыдыс жуу үшін құрылғыға жұмсақ су қажет. Қатты суда ыдыс-аяқ пен құрылғының ішкі бөліктеріне ақ түсті қақ түсуі мүмкін. Жұмсарту деңгейі өңіріңіздегі судың кермектігіне байланысты орнатылады.

Тұз жұмсауды реттеу

Ыдыс жуғышта тұздың жұмсалуын судың кермектігіне сай реттеу мүмкіндігі бар. Бұл тұзды тұтыну деңгейін оңтайландыруға және реттеуге арналған. Тұзды реттеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Есікті ашыңыз, машинаны қосыңыз.
2. Жұмсартқышты реттеу үшін «Бағдарлама» түймесін 5 секунд басып тұрыңыз. Бұл операция машинаны іске қосқаннан кейін 1-ші минутта жүзеге асырылады. (Тұз және шайғыш зат деңгейінің бақылау индикаторлары жыпылықтайды).
3. «Бағдарлама» түймесін басып, өзіңіздің аймағыңыздағы су сипаттамаларына сәйкес қажетті тұз жұмсау мөлшерін таңдаңыз. Кезектілік: Н1→ Н2→ Н3→ Н4→ Н5→ Н6.
4. Орнатуды аяқтау үшін «Қуат» түймесін басыңыз.

ТҰЗДЫ ЖҮКТЕУ

ТҰЗДЫҢ КЕРМЕКТІГІН РЕТТЕУ				Су жұмсартқыш деңгейі	Тұзды жұмсау (грамм)
°dH	°fH	Кларк градусы	Ммоль/л		
0~5	0~9	0~6	0~0.94	Н1 – Интенсивті	0
6-11	10-20	7-14	1.0-2.0	Н2 – 90 мин.	9
12-17	21-30	15-21	2.1-3.0	Н3 – 90 мин., Интенсивті	12
18-22	31-40	22-28	3.1-4.0	Н4 – ЭКО	20
23-34	41-60	29-42	4.1-6.0	Н5 – ЭКО, Тез	30
35-55	61-98	43-69	6.1-9.8	Н6 – ЭКО, 90 мин.	60

1°dH = 1,25 Кларк градусы = 1,78 °fH = 0,178 ммоль/л.

Зауытта орнатылған деңгей : Н3 (Еуропалық норма EN 50242).

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тек ыдыс жуу машинасына арналған тұзды пайдаланыңыз. Кез келген басқа тұзды, әсіресе ас тұзын пайдалану, машинаны зақымдауы мүмкін. Ыдыс жуу машинасы ас тұзын қолдану салдарынан құрылғы бұзылған жағдайда, өндіруші ешқандай кепілдік бермейді. Сауытты тек толығымен жуу бағдарламаларының бірін бастамас бұрын ғана толтырыңыз. Бұл тұздың шашыратуының немесе тұзды судың сауытта біраз уақыт қалуының салдарынан жемірілу пайда болуының алдын алады.

Тұз сауыты төменгі себеттің астында орналасқан және төмендегі суретте көрсетілгендей толтырылады.

- Төменгі себетті алып, қақпағын бұрап ашыңыз.
- Шамамен 1,5 кг ыдыс жуу машинасына арналған тұз қосыңыз.
- Сауытқа су құйыңыз, біраз су төгілуі мүмкін.
- Сауытқа су толтырғаннан кейін қақпақты сағат тілінің бағытымен мықтап бұраңыз.
- Суыт толтырылғаннан кейін, тұз деңгейінің анықтағышы жанбайды.
- Сауытты тұзбен толтырғаннан кейін бірден жуу бағдарламасын бастау керек (жылдам жуу немесе шаю бағдарламасы ұсынылады). Әйтпесе, сүзгілер жүйесі, сорғылар және басқа да маңызды бөліктер тұзды сумен зақымдануы мүмкін. Бұл жағдайда құрылғы кепілдік бойынша жөнделмейді.

ЕСКЕРТУ

Ескерту анықтағышы жанған кезде тұз сауытын толтыру керек. Сауыт жеткілікті түрде толтырылған болса да, тұз анықтағышы толығымен ерігенше сөнбеуі мүмкін. Егер басқару тақтасының ескерту анықтағышы жанбаса (кейбір үлгілерде), өткен жұмыс бағдарламалырының санына байланысты қайта толтыру керек. Егер тұз төгіліп кетсе, шаю бағдарламасы арқылы машинадан жууға болады.

ШАЙҒЫШ ЗАТТЫ ҚОСУ

Шайғыш зат сауыты

Шайғыш зат жуудың соңында, шаю кезеңінде, ыдыс-аяқта дақ калмауы үшін қолданылады. Сондай-ақ, ол кептіруді жақсартады және су ыдыстардан оңай сырғиды. Ыдыс жуу машинасында тек сұйық шайғыш зат қолданылады. Шайғыш затқа арналған сауыт, құрылғы есігінде жуғыш зат сауытының жанында орналасқан. Ыдыстың қақпағын ашып, шайғыш затты анықтағыш көрсеткіші толығымен қара болғанша толтырыңыз. Шайғыш зат сауытының көлемі шамамен 110 мл құрайды.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тек ыдыс жуу машинасына арналған шайғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жуғыш затты құрғақ жерде сақтаңыз.

Шайғыш зат сауытында қара түсті анықтағыш бар. Шайғыш зат аз болған сайын, көрсеткіш азаяды. Шайғыш зат сауыты кемінде 1/4 бөлікке толтырылған болуы керек. Шайғыш зат тұтынылған кезде суретте көрсетілгендей қара нүктенің мөлшері өзгереді.



Тола



3/4




1/2



1/4

ЕСКЕРТУ

Жуғаннан кейін ыдысқа су тамшылары немесе қақ дақтары қалса, мөлшерді арттырыңыз. Жуғаннан кейін ыдысқа жабысқақ ақ дақ пайда болғанын немесе әйнекте, пышақ жүзінде көгерген үлдір байқасаңыз, шайғыш зат мөлшерін азайтыңыз.



1. Сауыттың қақпағын ашу үшін оны сол жаққа жебе көрсетілген бағытқа бұраңыз және шешіңіз.



2. Сауытты шайғыш затпен толтырыңыз. Оны асыра толтырмаңыз!



3. Қақпақты көрсеткіш бағытында оңға бұрап жабыңыз.



Шайғыш зат тетігін 1-ден 6-ға дейін бұраңыз, бұл сан неғұрлым көп болса, ыдыс жуу машинасы соғұрлым көбірек шайғыш затты қолданады. Егер ыдыс-аяқ дұрыс кептірілмесе немесе боялған болса, тергішті келесі үлкен нөмірге қойыңыз. Ыдыс-аяқта қалған ақшыл дақтар, шыны ыдыстарда немесе пышақ жүздерінде көкшіл қабық болса, көрсеткішін төмендетіңіз.

ЖУҒЫШ ЗАТ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Тек ыдыс жуу машинасына арналған жуғыш заттарды ғана қолданыңыз. Жуғыш затты құрғақ жерде сақтаңыз. Жуғыш затты тек жуу бағдарламасын қосар кезде ғана контейнерге салыңыз.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Жуғыш заттардың 3 түрі бар: фосфат және хлормен; фосфатпен, бірақ хлорсыз; фосфатсыз және хлорсыз.

Әдетте жаңа ұнтақ жуғыш заттар құрамында фосфат болмайды. Фосфатсыз жуғыш заттар суды жұмсартпайды. Бұл жағдайда судың кермектігі 6 dH-ден аспайтын болса да, ыдыс жуу машинасына арналған тұзды қосқан жөн. Егер сіз кермектігі жоғары суда фосфатсыз жуғыш зат қолдансаңыз, ыдыс-аяқтарда ақ дақтар пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда жуғыш затты көбірек қолданыңыз. Хлорсыз жуғыш заттар ыдыс-аяқты нашар ағартады және қатты дақтарды кетірмейді. Бұл жағдайда жоғары температурадағы жуу бағдарламасын қолданыңыз.

Қойылтылған жуғыш заттар

Химиялық құрамына байланысты жуғыш заттарды екі негізгі түрге бөлуге болады:

1. құрамында сілті бар жуғыш заттар;
2. құрамында бейтарап ферменттер бар қойылтылған және сілті аз жуғыш заттар.

Қарапайым жуу бағдарламасымен және қойылтылған жуғыш заттарды қолдану арқылы қоршаған ортаның ластануы төмендейді, сонымен қатар ыдысқа зақым келмейді.

Таблетка түріндегі жуғыш зат

Әр түрлі өндірушілердің жуғыш таблеткалары әртүрлі жылдамдықта ериді.

Кейбір жуғыш таблеткалар қысқа жуу бағдарламасында еруге үлгермейді.

Жуғыш таблеткаларды қолданғанда, ұзақ жуу бағдарламаларын қолдануды ұсынамыз.

Жуғыш зат сауыты

Жуғыш зат сауытын әр жуу бағдарламасынан бұрын жуу бағдарламасының кестесіндегі

нұсқауларға сәйкес толтыру керек. Бұл ыдыс жуу машинасы жуғыш зат пен


шайғыш затты, басқа ыдыс жуу машиналарымен салыстырғанда аз мөлшерде қолданады.

Әр жүктеуге бір ас қасық жуғыш зат жеткілікті. Ыдыс-аяқ қаншалықты лас болса,


соғұрлым жуғыш зат қажет. Жуғыш затты машинаны қосу алдында салу керек,

әйтпесе ұнтақ ылғалдануы мүмкін және толығымен ерімеуі мүмкін.


Жуғыш зат сауытын толтыру



1. Егер қақпақ жабық болса, ашу түймесін басыңыз. Қақпақ өздігінен ашылады.



2. Негізгі жуу бағдарламасы кезінде үлкен қуысқа (А) жуғыш затты қосыңыз. Қатты ластанған ыдыстарды жуу үшін, жібіту бағдарламасына арналған кішкене қуысқа (В) жуғыш затты қосыңыз.



3. Қақпақты жауып, орнына түскенше төмен қарай итеріңіз.

ЕСКЕРТУ



Жуғыш зат сауытын әр жуу бағдарламасынан бұрын жуу бағдарламасының кестесіндегі нұсқауларға сәйкес толтыру керек. Бұл ыдыс жуу машинасы жуғыш зат пен шайғыш затты, басқа ыдыс жуу машиналарымен салыстырғанда аз мөлшерде қолданады. Әр жүктеуге бір ас қасық жуғыш зат жеткілікті. Ыдыс-аяқ қаншалықты лас болса, соғұрлым жуғыш зат қажет. Жуғыш затты машинаны қосу алдында салу керек, әйтпесе ұнтақ ылғалдануы мүмкін және толығымен ерімеуі мүмкін.

ҚҰРЫЛҒЫҒА ЫДЫСТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ

Ұсыныстар

- Ыдыс-аяққа зиян тигізбейтін жұмсақ жуғыш затты қолданыңыз. Қажет болса, қосымша ақпарат алу үшін жуғыш зат өндірушісімен байланысыңыз.
- Сынғыш заттарды жуу үшін, жұмыс температурасы төмен бағдарламаны таңдаңыз.
- Ыдыс-аяқты зақымдамау үшін, бағдарлама аяқталғаннан кейін, ыдыс жуу машинадан шыны ыдыстар мен ас-үй аспаптарын бірден алмаңыз.

КЕЛЕСІ ЫДЫС-АЯҚТАРДЫ ЖӘНЕ АС-ҮЙ АСПАПТАРЫН МАШИНАДА ЖУУ

 Тыйым салынған	 Шектеулі
1. Ағаш ас-үй аспаптары, фарфордан жасалған бұйымдар.	8. Ыдыс жуғышта көп жуудан кейін әйнектің кейбір түрлері бұлыңғыр болады.
2. Ыстыққа төзімді емес пластиктен жасалған бұйымдар.	9. Күміс және алюминий заттар жуу кезінде өз түсін жоғалтады.
3. Желімделген бөліктері бар ескі ас-үй аспаптары.	10. Жылтыратылған беттер жиі жуудан кейін түтіккен болуы мүмкін.
4. Желімделген ыдыс-аяқ.	
5. Мыс немесе қалайыдан жасалған ыдыстар.	
6. Қорғасын хрусталінен жасалған бұйымдар.	
7. Синтетикалық талшықтан жасалған бұйымдар.	

ЫДЫСТАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДАН БҰРЫН ЖӘНЕ КЕЙІН

ЕСКЕРТУ


- Ұсақ заттарды ыдыс жуғышта жууға болмайды, себебі олар торлардан құлап кетуі мүмкін.
- Ыдыс-аяқ пен ас-үй аспаптары бір-бірінің ішінде болмауы немесе бір-бірін жаппауы керек.
- Стақандарға зақым келмеуі үшін, олар бір-бірінен алшақ орналасуы керек.
- Тазалау қиынға соғатын үлкен заттарды төменгі себетке салыңыз.
- Үстіңгі себет стақан, шыны-аяқ тәрізді жұқа және жеңіл заттарды орналастыруға арналған.
- Ұзын жүздері бар пышақтар тік күйінде тұруы қауіпті!
- Пышақ секілді ұзын және өткір ас-үй аспаптары үстіңгі себетте келденең орналасу керек.
- Машинаға шамадан тыс ыдыс салмаңыз. Бұл жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін де, энергия шығынын азайту үшін де қажет.
- Ыдыстарды шығарғанда, жоғарғы себеттен төменгіге су тамып кетпес үшін алдымен төменгі себетті ыдыстардан босатыңыз, содан кейін жоғарғы себетті босату ұсынылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз. Ыдыс-аяқ пен ас-үй аспаптарына арналған себеттердің функционалдығы мен сыртқы түрі үлгілерге қарай әр түрлі болуы мүмкін.


Ыдыс-аяқтан тамақ қалдықтарын тазалаңыз. Кәстрөлдегі жанған тамақ қалдықтарын жұмсартыңыз. Ыдыстарды ағынды судың астында шаюдың қажеті жоқ.

ҚҰРЫЛҒЫҒА ЫДЫСТАРДЫ ЖҮКТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ




ҮСТІҢГІ СЕБЕТТІ ЖҮКТЕУ

Жоғарғы себет жеңіл және сынғыш ыдыстарға арналған, мысалы, шыны ыдыстар, кофе және шай кеселері мен табақшалары, сонымен қатар, кішкентай салат салғыштар мен терең емес астаушалар. Ыдыстарды су ағысымен қозғалмайтындай етіп орналастыру керек.




Үстіңгі себетті теңестіру

Үстіңгі себетті көтеру үшін кәрзеңке жоғары күйіне бекітілмейінше әрбір жағынан орта тұсында жай ғана көтеріңіз. Реттегіштің тұтқасын көтеру қажеттілігі жоқ.




Төменгі себетті төмен түсіру үшін кәрзеңкені босату және оны төменгі күйге түсіру үшін, әрбір жағынан реттеу тұтқасын көтеріңіз.




ТӨМЕНГІ СЕБЕТТІ ЖҮКТЕУ

Үлкен және қатты ластанған заттар мен ыдыстарды – кәстрөлдер, табалар, қақпақтар мен подностарды, тегештерді, төменгі себетке суретте көрсетілгендей етіп салады. Бүріккіштің айналымын қамтамасыз ету үшін табалар мен қақпақтарды бүйір жағына орналастыру керек.




Ас-үй аспаптарына арналған себет

Ас-үй аспаптарын сәйкес сөреге бір-бірінен бөлек орналастыру керек, ас-үй аспаптары бір-бірінің үстінде орналаспағанына көз жеткізіңіз, бұл жуу сапасын төмендетуі мүмкін.



Жиналмалы сөрелер

Төменгі себеттің ерекшелігі – үлкен кәстрөлдер мен үлкен табаларды қоюға мүмкіндік беретін жиналмалы сөрелердің болуы.



Жиналмалы істікшелер

Кәстрөлдер мен табаларды дұрыс орналастыру үшін, суретте көрсетілгендей етіп істікшелерді бүктеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Пышақтар мен өткір ұшы бар басқа заттарды себетке үшкір жағымен төмен немесе көлденең күйде салу керек.

ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ ҚОСУ

ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КЕСТЕСІ

Бағдарлама	Ыдыс-аяқ түрі және кірленуі	Бағдарламаның орындалу түрі	Жұғыш зат	Жұмыс уақыты (мин.)	Энергия тұтыну (кВт)	Су
Интенсивті 	Қатты ластанған кәстрөлдер, табалар. Тағам қалдықтары өртеніп, құрғап жабысып қалған ыдыстар.	Алдын ала жуу (50°C) Жуу (60°C) Шаю (70°C) Кептіру	5/25 г	170	1,6	17,5
Қалыпты 	Аздап ластанған кәстрөлдер, табалар, шыны ыдыстар, тәрелкелер. (Стандартты бағдарлама.)	Алдын ала жуу (45°C) Жуу (55°C) Шаю (65°C) Кептіру	5/25 г	180	1,3	13,5
ECO (*EN 50142)	Аздап ластанған тәрелкелер, кесе, стақан және табалар.	Алдын ала жуу Жуу (45°C) Шаю (60°C) Кептіру	5/25 г	225	0,9	11
90 мин. 	Қатты кептіруді керек етпейтін, аздап ластанған ыдыс.	Алдын ала жуу (65°C) Жуу Шаю (65°C) Кептіру	5/25 г	90	1,35	12,5
Тез жуу 	Қатты кептіруді керек етпейтін, аздап ластанған ыдыстарға арналған тез шаю.	Жуу (45°C) Шаю (50°C) Шаю (55°C)	20 г	30	0,75	11

ЕСКЕРТПЕ

EN 50242: бұл бағдарлама тестілік цикл болып табылады. Сәйкестілік тестіне арналған ақпарат EN 50242 сәйкес келеді.

ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСТАУ

Құрылғыны іске қосу

- Астыңғы және үстіңгі себетті тартып, ыдыстарды салыңыз да, артқа итеріңіз. Алдымен төменгі себетті, содан кейін үстіңгі себетті жүктеу ұсынылады (ыдыс жуу машинасын жүктеу бөлімін қараңыз).
- Жуғыш зат құйыңыз (тұз, жуғыш заттар мен шаю заттар бөлімін қараңыз).
- Штепсельдің айырын розеткаға қосыңыз. Қуат көзі 220-240 В, айнымалы тоқ жиілігі 50 Гц.
- Су беру шүмегі толықтай ашық екеніне көз жеткізіңіз.
- Бағдарламаны таңдаңыз, осыдан кейін индикатор жанады. Осыдан кейін «Бастау/Кідірту» түймесін басыңыз, және ыдыс жуу машинасы өз циклін бастайды.

ЕСКЕРТУ

Жуу кезінде машинаны кідірту үшін «Бастау/Кідірту» батырмасын басқан кезде, жұмыс анықтаушы жыпылықтауын тоқтатады және жууды жалғастыру үшін «Бастау/Кідірту» түймесін басқанша әр минут сайын дыбыстық сигнал беріледі.

ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫН АУЫСТЫРУ


Жұмыс істеп тұрған бағдарламаны егер бағдарлама жақында іске қосылған болса ғана өзгертуге болады. Әйтпесе, жуғыш зат таусылған болуы мүмкін және құрылғы суды төгіп тастаған болуы мүмкін. Бұл жағдайда жуғыш зат сауытын толтырыңыз.



1. «Бастау/Кідірту» түймесін басыңыз.
2. Бағдарлама түймесін басыңыз 3 секундтан артық ұстап тұрыңыз.
3. Бағдарламаны таңдаңыз.
4. «Бастау/Кідірту» түймесін басыңыз.

Тәрелкені қосуды ұмытсаңыз

Жуғыш зат сауытының қақпағы әлі ашылмаған болса, сіз әрқашан ұмытылған табақты салсаңыз болады.



1. «Бастау/Кідірту» түймесін басыңыз.
2. 5 секунд күтіңіз.
3. Ұмытқан тәрелкені салыңыз.
4. Есікті жабыңыз.
5. «Бастау/Кідірту» түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТУ

Жұмыс кезінде есікті ашсаңыз, ыдыс жуғыш машина уақытша тоқтайды. Бағдарлама анықтағышы жыпылықтауын тоқтатады және есікті жапқанша дыбыстық сигнал шығады. Есікті жапқаннан кейін, құрылғы 10 секундтан кейін қайта іске қосылады.

ЖУУ БАҒДАРЛАМАСЫН АЯҚТАУ

Бағдарлама аяқталғаннан кейін 8 секунд бойы сигнал беріледі, содан кейін құрылғы тоқтайды. Ыдыс жуғышты босатпас бұрын бірнеше минут күтіңіз және ыдысқа қол тигізбеңіз, өйткені олар ыстық әрі морт болып қалады. Ыдыс сонымен қатар жақсы кебеді.

Ыдыс жуғыш машинаны өшіріңіз

Бағдарлама біткен болып есептеледі, егер анықтағыш қосулы, бірақ жыпылықтамай тұрса. Құрылғыны «Қосу/Өшіру» түймесін пайдаланып өшіріңіз. Су беретін шүмекті өшіріңіз!

Есікті абайлап ашыңыз

Ыдыстарды құрылғыдан шығармас бұрын шамамен 15 минут суытыңыз. Есікті ашық қалдырыңыз және бірнеше минут күтіңіз. Ыдыс-аяқ салқындатылып, сәл кептіріледі.

Ыдыс жуғыш машинаны босату

Құрылғының ішіндегі ылғал қабырғалар қалыпты жағдай. Алдымен үстіңгі себетті, содан кейін жоғарғы себетті босатыңыз. Бұл судың үстіңгі себеттен төменгі себетке тамуына жол бермейді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жуу кезінде есікті толығымен ашу қауіпті, сізге қайнаған су шашырауы мүмкін!


ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ КҮТІМ

СҮЗГІЛЕР ЖҮЙЕСІ

Сүзгілер үлкен тағам қалдықтарын немесе басқа заттарды ыдысқа және су төгу құбырына кіргізбейді. Тамақ қалдықтары сүзгіге тұрып қалуы мүмкін, бұл жағдайда сүзгіні тазалау керек. Сүзгілер жүйесі үш бөліктен тұрады: негізгі сүзгі, ірі сүзгі және ұсақ сүзгі.




Сүзгіні сағат тіліне қарсы бұраңыз.
Сүзгі жинағын жоғары көтеріңіз.



Ірі сүзгіні (1) негізгі сүзгіден (2) ажырату үшін, оның үстіңгі жағындағы ілмектерді ақырын қысып, сыртқа шығарыңыз. Ұсақ сүзгіні (3) сүзгі жүйесінің төменгі жағынан алуға болады.



Сүзгідегі үлкен тағам қалдықтарын ағын сумен шаю арқылы жууға болады. Мұқият тазалау үшін жұмсақ тазартқыш щетканы қолданыңыз.



Сүзгілерді кері тәртіпте жинап, сүзгіні орнатыңыз және жабылғанша сағат тілімен бұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ

Бүкіл сүзгі жүйесін аптасына кемінде бір рет тазалау керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Сүзгілерді тазалағанда, оларды соқпаңыз. Сүзгінің иілуі машинаның жұмысына ақау әкелуі мүмкін.

ЫДЫС ЖУУ МАШИНАСЫНЫҢ КҮТІМІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ешқашан өткір заттар немесе қатты губкалармен машинаның бетін тазаламаңыз!

Есікті тазалау

Есіктің шеттерін тазалау үшін тек жұмсақ, дымқыл шүберекті пайдаланыңыз. Судың құлыпқа және электрлік құрамдас бөліктерге енуіне жол бермеу үшін тазалағыш бүріккіштерді пайдаланбаңыз.

Абразивті тазартқыш заттарды немесе қатты губкаларды сыртқы беттерге қолдануға тыйым салынады, олар жабынды тырнап немесе дақ түсіре алады.

Мұздан сақтау

Қыс мезгілінде мұздаудың алдын алу үшін келесі шаралар қолданыңыз!

Әр жуу кезеңінен кейін келесі әрекеттерді орындаңыз. Ыдыс жуу машинаны қуат көзінен өшіріңіз.


Суды өшіріп, су беретін құбыршекті су тартқыш шүмектен ажыратыңыз.

Су беретін құбыршек және шүмектен суды төгіңіз (ағып жатқан суды жинау үшін тостағанды пайдаланыңыз). Құбыршекті шүмекке қайта жалғаңыз.


ЕСКЕРТПЕ

Егер сіздің ыдыс жуу машинаңыз қыста жылу жүргізілмеген бөлмеде қалса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


БҮРІККІШТЕРДІ ТАЗАЛАУ



1. Бүріккіштерді үнемі тазалап отыру керек, өйткені кермек судың әсерінен қақтар шашыратқыштар мен бүріккіштерді бітеуі мүмкін. Үстіңгі шашыратқышты алу үшін, сомынды ұстап, шашыратқышты сағат тілінің бағытымен бұраңыз.



2. Төменгі шашыратқышты алу үшін, оны жоғары қарай тартыңыз.



3. Шашыратқышты жылы, сабынды сумен жуыңыз және шашыратқыш бөліктерін тазарту үшін жұмсақ щетканы қолданыңыз. Мұқият шайғаннан кейін оларды қайта орнатыңыз.

ЫДЫС ЖУУ МАШИНАСЫН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАЛПЫНДА САҚТАУ

Әрбір жуудан кейін

Әрбір жуудан кейін құрылғыға су беруді өшіріп, машинаның кебуіне және ауа алмасуына мүмкіндік беру үшін есікті сәл ашық қалдырыңыз.

Машинаны электр желісінен ажыратыңыз

Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында айырды розеткадан ажыратыңыз.

Еріткіштерді немесе абразивті тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз

Ыдыс жуғыш машинаның сыртқы және резеңке бөліктерін тазарту үшін еріткіштер немесе абразивті заттарды пайдаланбаңыз. Оның орнына мата мен жылы сабынды су қолданыңыз. Дақтарды кетіру үшін дымқыл губканы және аздап ақ сірке суын немесе ыдыс жуғыш машинаға арналған тазартқышты пайдаланыңыз.

Егер құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаса

Егер құрылғы ұзақ уақыт қолданылмаса, жуу бағдарламасын ыдыс-аяқсыз қосуға кеңес береміз, содан кейін оны қуат көзінен ажыратып, суды сөндіріп, есікті сәл ашық қалдырыңыз.

Машинаны жылжыту

Құрылғыны тігінен жылжытыңыз, қажет болса, оны артқы панельге қоюға болады.

Тығыздауыштар

Тамақтардың тығыздауыштарға жиналуы жағымсыз иіс шығаруы мүмкін.

Тығыздауыштарды үнемі дымқыл шүберекпен сүртіп тұрыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Құбырлар мен электр жабдықтарын орнатуды білікті мамандар жүзеге асыруы керек. Тоқ соғу қаупі бар. Құрылғыны орнатпас бұрын қуат көзінен ажыратыңыз. Бұл ережені орындамау электр тоғының соғуына немесе өлімге әкелуі мүмкін.


ОРНАТУҒА ДАЙЫНДАУ

Орнату нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.


1. Машинаны орнату орнына ауыстырмас бұрын дайындық жұмыстарын орындаңыз.
2. Су жіберетін және төгетін құбыршектерді қосуды жеңілдету үшін шұңғылшаның жанына орнатылатын орынды таңдаңыз.
3. Егер құрылғы бөлменің бұрышына орнатылса, есікті ашатындай біраз орын қалдырыңыз.
4. Машинаның жоғарғы жағы мен тіректің арасы 5 мм аз болуы керек.
5. Есік биіктігі ас үй тірегінің биіктігімен тең болуы керек.



СЫРТҚЫ ПАНЕЛЬДІҢ ӨЛШЕМДЕРІ МЕН ОРНАТЫЛУЫ




A



B

1. Сыртқы панель суретте көрсетілген өлшемдерге сәйкес келуі керек.
2. Ілгекті сыртқы панельге қойып, оны ыдыс жуу машинаның есігіндегі тесікке салыңыз (а-сурет). Панельді орнатқаннан кейін оны сомын мен бұрандалардың көмегімен есікке бекітіңіз (б-сурет).


ЕСІК СЕРІППЕСІНІҢ СЕРПІМДІЛІГІН РЕТТЕУ



Ыдыс жуу машинасы есігі серіппесінің серпімділігі зауытта реттеледі. Сыртқы панельді орнатқан соң, серіппенің серпімділігін реттеу керек. Реттейтін бұранданы бұрау арқылы болат сымарқанды босату немесе тарту керек.

Ашық есікті саусағыңызбен тигізіп жабуға болатын болса, серіппе реттелген болып есептеледі.

КӘРІЗ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАЛҒАУ



Төгу құбыршегін кәріз құбырына жалғаңыз. Кәріз құбырының ең аз диаметрі 4 см болуы тиіс. Құбыршектің бұралып және майысып кетпегеніне көз жеткізіп, құбыршекті шұңғылшаға салыңыз. Құбыршектің ұшы 1 метрден жоғары көтерілмеуі керек.

Құбыршектерден артық суды төгу

Егер шұңғылша еденнен 1 м биіктікте болса, құбыршектегі артық су шұңғылшадан ағып кете алмайды. Суды ағызу үшін, шұңғылша деңгейінен төмен ыдысты пайдалану керек.

Су төгу

Су төгетін құбыршектер су құбырларына сәйкес келуі керек. Құбыршектің майыспағанына көз жеткізіңіз.


Ұзартқыш құбыршек

Су төгетін құбыршекті ұзарту керек болса, міндетті түрде құбыршектің өлшеміне сай су төгетін құбыршек пайдаланыңыз.

Сифонға қосу

Біріктіру еденнен 100 см биіктікте болуы қажет. Су төгетін құбыршек бекітілу керек.


СУ ҚҰБЫРЫНА ЖАЛҒАУ



Қарапайым құбыршекті қосу

Құрылғыға жаңа қосқышты пайдаланып су көзіне қосу керек. Судың қысымы 0,04 МПа мен 1 МПа аралығында болуы керек.

1. Ажыратқышты және оның түтіктерін ыдыс жуғыштың артқы жағындағы бөліктен толығымен шығарып алыңыз да, оны адаптерге қосыңыз.
2. Суық сумен қамтамасыз ететін құбыршекті 3/4 (дюйм) бұрандалы қосқышқа қосып, оның жақсы жалғанғанына көз жеткізіңіз.
3. Ыдыс жуу машинаны қоспас бұрын суды толығымен ашыңыз.



Қауіпсіз беру құбыршегі

Қауіпсіздік құбыршегі екі қабырғалы. Жүйе, су беру құбыршегі мен гофрленген құбыршек арасындағы ауа кеңістігі сумен толтырылған кезде, құбыршек жарылған жағдайда су тоқтауын қамтамасыз етеді.

Үлгіге байланысты, ыдыс жуу машинасының жиынтық құрамы өзгеруі мүмкін. Барлық үлгілер қауіпсіз беру құбыршегімен қамтамасыз етілмейді. Құбыршек сатып алынған үлгінің жиынтық құрамында бар екеніне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ыдыс жуу машинасының құбыршегі шұңғылшаның су құбырына бекітілсе, жарылып кету қаупі бар. Бұндай жағдайда, құбыршекті ажыратып орнатуға кеңес беріледі.

Суық суды қосу

Суық су беру құбыршегін бұрандалы жалғағышқа біріктіріңіз (3/4 дюйм) және оның берік орналасқанына көз жеткізіңіз. Егер суқұбыры жаңа болса немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаса, судың таза және қоспасыз екеніне көз жеткізу үшін суды ағызыңыз. Әйтпесе, су кіру тесігі бітеліп, құрылғы зақымдалуы мүмкін.

Құрылғыны орналастыру

Құрылғыны орнату орнына қойыңыз. Құрылғы қабырғалар мен шкафқа қатты жабыспауы керек. Су беру және су ағызу құбыршегі, орнатудың ыңғайлығына байланысты, оң және сол жағынан орналасуына болады.

Құбыршектерден артық суды төгу

Егер шұңғылша еденнен 1 м биіктікте болса, құбыршектегі артық су шұңғылшадан ағып кете алмайды. Суды ағызу үшін, шұңғылша деңгейінен төмен ыдысты пайдалану керек.

Су төгу

Су төгетін құбыршектер су құбырларына сәйкес келуі керек. Құбыршектің майыспағанына көз жеткізіңіз.

ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ

Құрылғыны қоспас бұрын, жерге тұйықтауды тексеріңіз.

- Қуат көзінің кернеуі мен жиілігі зауыттық тақтайшада көрсетілген кернеуге сәйкес келетіндігін және көрсетілген максималды талаптарды, электр жүйесі орындауға қабілетті екендігіне көз жеткізіңіз.
- Айырды розеткаға қосыңыз.
- Егер розетка құрылғы штепселінің айырына сәйкес келмесе, розетканы ауыстырыңыз.
- Жалғастырғыштарды қолданбаңыз, себебі олар қатты қызып кетуі мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жерге тұйықтау құрылғысын дұрыс жалғамаған жағдайда электр тоғымен жарақаттану қаупі бар. Егер сіздің күмәніңіз болса сервистік қызмет көрсетуге хабарласыңыз, немесе білікті электр маманын жерге тұйықтау дұрыстығын тексеру үшін шақыра аласыз. Өндіруші жабдықтаған айырды ауыстыруға болмайды. Айыр розеткаға сәйкес келмеген жағдайда розетканы алмастыру үшін білікті маманға жүгіну керек.


ЫДЫС ЖУУ МАШИНАСЫН ІСКЕ ҚОСУ

Құрылғыны орнатуды аяқтамас бұрын төмендегі тармақтарды тексеріңіз.

1. Ас үй шкафының есігін кронштейндер көмегімен ыдыс жуу машина есігінің үстіне қойыңыз (жинаққа кіреді). Орналастыру үшін шаблондарды қолданыңыз.
 2. Есіктің серіппелі кернеуін алты қырлы кілтпен реттеңіз. Сағат тілімен бұру есіктің оң және сол жақ серіппелерін қатайтады. Бұлай істемеу құрылғыңызды зақымдауы мүмкін (2-сурет).
 3. Су құятын түтікті су жүйесіне қосыңыз.
 4. Су төгетін түтікті жалғаңыз (6-сурет).
 5. Қуат кабелін жалғаңыз.
 6. Оқшаулағыш таспаны құрылғы орнатылған шкафтың астына жабыстырыңыз.
 7. Ыдыс жуу машинаны дайын жерге қойыңыз (4-сурет).
 8. Құрылғыны орнатыңыз және тегістеңіз. Артқы аяғы ыдыс жуу машинасының алдыңғы жағынан реттеледі. Машина негізінің ортасындағы алтыбұрышты, алты қырлы кілтпен бұраңыз (5а-сурет). Алдыңғы аяқты түзету үшін жалпақ бас бұрағышты пайдаланыңыз. Бұрауышты құрылғы тегіс болғанша бұраңыз. (5б-сурет).
 9. Ыдыс жуғыш машинаны мықтап бекіту керек. Бұған екі жолмен қол жеткізуге болады.
- **Қалыпты жұмыс беті:** бекіту ілмегін бүйірлік панельдегі тесікке салыңыз және оны ағаш бұрандалармен бекітіңіз (6-сурет).
 - **Мрамор немесе гранит беті:** бүйір панельді бұрандамен бекітіңіз (7-сурет).

ЕСКЕРТПЕ

Құрылғы аяғының максималды биіктігі - 50 мм.



Құрылғыны орнатуды аяқтамас бұрын төмендегі тармақтарды тексеріңіз.

1. Ыдыс жуғыш машина тегіс және берік орнатылуы керек.
2. Су беру шүмегі ашық болуы керек.
3. Қосылу жерлерінде су ағып кетпеуі керек.
4. Сымдар мықтап жалғануы керек.
5. Қуат көзін қосыңыз.
6. Беру және ағызу құбыршектерінің байланбағанын қадағалаңыз.
7. Барлық орауыш материалдарды алып тастаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Орнатқаннан кейін нұсқаулықты сақтаңыз.

Бұл ақпарат құрылғыны пайдалану кезінде өте пайдалы.

АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІНЕ ХАБАРЛАСПАС БҰРЫН

Ақаулар түрі	Мәселе	Мүмкін себептер	Шешім
Техникалық ақаулар	Машина қосылмайды.	Сақтандырғыш немесе автоматты ажыратқыш күйіп кеткен.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе автоматты ажыратқышты қосыңыз. Бір розеткаға қосылған барлық аспаптарды алып тастаңыз.
		Қуат көзі қосылмаған.	Ыдыс жуу машинасының есігі берік жабылғанына көз жеткізіңіз. Айыр розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз.
		Судың төмен қысымы.	Судың қосылуын және шүмекті тексеріңіз.
		Машинаның есігі жабылмаған	Есікті мықтап жабыңыз.
Негізгі ақаулар	Табандықта сабын көбігі.	Жуғыш зат дұрыс таңдалмаған.	Арнайы ыдыс жуу машинасына арналған жуғыш затты қолданыңыз. Ыдыс жуу машинасын ашып көбіктің булануына жол беріңіз. Құрылғының түбіне 4 литр мұздай су қосыңыз. Есікті жауып кез-келген бағдарламаны таңдаңыз. Алдымен машина суды төгеді. Есікті ашып, су төгілгеннен кейін көбіктің кетуін тексеріңіз. Керек жағдайда қайталаңыз.
		Шайғыш заттың төгілуі.	Төгілген шайғыш затты сүртіңіз.
	Ішкі беттегі дақтар.	Құрамында бояғышы бар жуғыш зат қолданылған.	Жуғыш зат құрамында бояғыш зат жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
	Ішкі беттегі ақ үлдір.	Кермек су.	Тазарту үшін ылғал губка мен жуғыш зат пайдалыныңыз. Ыдыс жуу машинасына арналған жуғыш заттан басқа заттарды пайдаланбаңыз.
	Ас-үй аспаптарында тоттанған дақтар.	Зақымдалған заттар жемірілуге төзімді емес.	
		Ыдыс жуу машинасына тұз салынғасын қосылмаған.	Ыдыс жүктемей, тез жуу бағдарламасын қосыңыз, содан кейін ғана тұз қосыңыз.
		Жұмсартқыш тұз сауытының қақпағы дұрыс жабылмаған.	Қақпақтың жабылуын тексеріңіз.
Шу	Жұмыс кезіндегі дүңкілдеу дыбыстары.	Бүріккіш ыдысқа тиеді.	Бүріккішке бөгет жасап тұрған ыдыстардың орнын ауыстырыңыз
	Жұмыс кезіндегі гүрсіл дыбыстары.	Ыдыс жуу машинасы дұрыс орнатылмаған.	Бағдарламаның орындалуын тоқтатып ыдыстардың орнын ауыстырыңыз.

Ақаулар түрі	Мәселе	Мүмкін себептер	Шешім
	Суқұбырындағы дүңкілдеу.	Су құбыры көлденең кесіліп орналастырылған.	Құрылғының жұмысына бөгет жасамайды. Күдік пайда болған жағдайда, сәйкес маманның көмегіне жүгініңіз.
Жуу сапасы нашар	Ыдыс нашар жуылған.	Ыдыс дұрыс орнатылмаған.	Ыдыс жуу машинасын жүктеу тармағын көріңіз.
		Бағдарламаның интенсивтілігі жеткіліксіз.	Интенсивтілігі жоғары бағдарламаны таңдаңыз. «Жуу бағдарламасының кесетесін» қараңыз.
		Жеткіліксіз жуғыш зат.	Жуғыш зат мөлшерін көбейтіңіз немесе ауыстырыңыз.
		Ыдыстар бүріккіштердің айналуына бөгет жасайды.	Ыдыстардың орнын ауыстырыңыз.
		Жуу бөлімінің түбіндегі сүзгі жүйесі бітелген немесе дұрыс орнатылмаған. Сондықтан, бүріккіштер бітеліп қалуы мүмкін.	Сүзгіштермен бүріккіштерді ауыстырыңыз.
	Шыны ыдыстағы дақтар.	Жұмсақ су және жуғыш зат көп мөлшерде.	Жұмсақ су болса, жуғыш зат мөлшерін азайтыңыз. Немесе қысқа бағдарлама таңдаңыз.
	Қара немесе сұр дақтар.	Алюминий ыдыстардың сырып кетуі.	Тазалау үшін абразивті губканы қолданыңыз.
Жуғыш зат қалдықтары.	Жуғыш зат сауытының қақпағы ыдыс-аяқпен жабылған, сондықтан қақпақ толығымен ашылмайды.	Ыдыс жуу машинасын дұрыс жүктеңіз. «Үстіңгі себетті жүктеу» тармағын қараңыз.	
Кептіру сапасы нашар	Ыдыс кеппеген.	Ыдыстар дұрыс емес орнатылған.	Ыдыс жуу машинасын қайта жүктеңіз.
		Шайғыш зат жеткіліксіз.	Шайғыш затты көбейтіңіз, сауытқа шайғыш затты қайта салыңыз.
		Ыдыстар тым тез шығарылған.	Бағдарлама аяқталғаннан кейін дереу ыдыс жуу машинаны босатпаңыз. Бұды шығару үшін есікті сәл ашыңыз. Ыдыс жуу машинаның ішіндегі температура қауіпсіз болғанша босатпаңыз. Судың төгілуін алдын алу үшін, алдымен төменгі себетті босатыңыз.
		Дұрыс емес таңдалған бағдарлама.	Тез жуу бағдарламасын қолданған кезде, судың температурасы төмен болады, нәтижесінде тазарту тиімділігі төмендейді. Жуу уақыты ұзағырақ бағдарламаны таңдаңыз.
		Төмен сапалы ас-үй аспаптары.	Бұндай ыдыстардан су нашар сырғиды және ыдыс жуу машинасында жууға келмейді.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Өндіруші	MIDEA
Үлгі	MDWB-6015BA
Стандартты сыйымдылық	12
Энергия тұтыну түрі	A+
Жылдық энергия тұтыну	258 кВт-ч
Стандартты бағдарламаның энергия тұтынуы	0,9 кВт-ч
Өшірулі күйдегі энергия тұтыну	0,45 Вт
Күту тәртібіндегі энергия тұтыну	0,49 Вт
Жылдық су тұтыну	3080 л
Кептіру түрі	A
Стандартты жуу бағдарламасы	ECO 45°C
Жуу бағдарламаның ұзақтығы	225 мин.
Шу деңгейі	49 дБ на 1 пВт
Орнату	Кіріктірілетін
Энергия тұтыну	1760-2100 В
Номинал кернеу/жиілігі	220-240 В~/50 Гц
Су қысымы	0,4-10 бар = 0,04-1 МПа
Биіктігі	815 мм
Ені	598 мм
Тереңдігі	550 мм (жабық есікпен)
Тереңдігі	1550 мм (ашық есікпен)

ҚАТЕЛІКТЕР КОДЫ

Ақаулар пайда болған жағдайда, құрылғы келесідегідей қателіктер кодын көрсетеді.

Код	Мағынасы	Мүмкін себептер
«Тез жуу» бағдарламасының анықтағышы тез жыпылықтау.	Суды ағызудың ұзақ уақыты.	Шүмектер ашылмаған, құбыршек басылып қалған немесе судың қысымы өте төмен.
«Тез жуу» және «90 мин.» бағдарламасының анықтағышы тез жыпылықтау.	Қажетті температураға жетпейді.	Қыздыру элементінің ақауы
Анықтағыш ECO жыпылықтау.	Аса толып кету.	Машинаның қандай да бір торабында жылыстау бар.

ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Өнімдегі немесе орамдағы бұл таңба, өнімнің қарапайым тұрмыстық қалдықтар қатарына жатпайтынын және істен шыққаннан кейін, электрлік немесе электрондық жабдықты қайта өңдеуге арналған тиісті жинау орнына өткізу керектігін көрсетеді. Ескі құрылғыларды жинау және қайта өңдеу біздің табиғи ресурстарды сақтауға маңызды үлес қосады және экологиялық таза және зиянсыз қоқысқа шығаруды қамтамасыз етеді.



Өнім Кеден одағының тиісті техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертифицирталған.

ӨНДІРУШІ

GUANGDONG MIDEA KITCHEN
APPLIANCES MANUFACTURING CO., LTD.
Адрес: 'NO. 6, YONG AN ROAD, BEIJIAO,
SHUNDE, FOSHAN, GUANGDONG, CHINA

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИМПОРТЕР

ЖШС «Technoman» ҚР
қ. Алматы, к. Бурундайская, 93 а.
Тел.: +7 727 223 03 65
Веб-сайт: www.midea.kz

Өнімнің сыртқы түрін, түсі мен техникалық мәліметтерін, өндіруші тұтынушыға алдын ала ескертусіз өзгерте алады.


ӨЗІңДІ ҮЙДЕГІДЕЙ СЕЗІН